

**6D010900 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін ұсынылған Нұрғожаев Шыңғыс Болатұлының  
«Колледже математиканы оқытуда ақпараттық және коммуникациялық  
технологияларды қолданудың дидактикалық шарттары» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына**

**Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р\n №	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламага сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламага сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>7) «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер»;</p> <p>Жұмыс білім және ғылымның негізгі тенденцияларына сәйкес жүргізілген.</p>	<p>Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бағытына сәйкес.</p> <p>Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>7) «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер»;</p> <p>Жұмыс білім және ғылымның негізгі тенденцияларына сәйкес жүргізілген.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/коспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады және маңыздылығы ашылған. Колледже математиканы оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданудың

			дидактикалық шарттары анықталып, оларды жүзеге асыру жолдары нақты түрде ұсынылған. Диссертациялық жұмыста алғынан нәтижелердің гылымға маңыздылығы зор.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>Жоғары</u> 2) Ортша 3) Төмен 4) Өзі жазбаган	Диссертациялық жұмысты автордың өзі жазуы деңгейі <u>жоғары</u> . Оның дәлелі қойылған міндеттерді теориялық тұргыдан отандық, ресейлік, шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасап көрсеткендігі. Зерттеу болжамын дәлелдеу үшін педагогикалық эксперимент жүргізуі, статистикалық зерттеу әдістерін пайдалануы, нәтижелерін өндеп, талдауы.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертацияның өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі <u>негізделген</u> . Отандық, ресейлік, шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасай отырып докторант келесі қарама-қайшылықтарды анықтаған: заманауи қогамның сұранысы мен колledge математиканы оқытуда АҚТ-ны қолданудың ғылыми-әдістемелік негізделуінің жеткіліксіздігі арасында; оқытушылардың кәсіби қызметте АҚТ құралдарын қолдану қажеттілігі мен олардың даярлық деңгейінің жеткіліксіздігі арасында; АҚТ-ны қолданудың дидактикалық шарттары мен оны жүзеге асыру жолдары арасындағы қарама-қайшылықтар. Осы қарама-қайшылықтар зерттеудің өзектілігін негіздейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды: 1) <u>айқындауды</u> ; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды.	Диссертацияның мазмұны тақырыбын айқындауды. Жұмыста зерттеу процесінің барлық компоненттері берілген. Диссертация нормативтік сілтемелерден, аныктамалардан, қысқартулардан, кіріспеден, екі болімен, корытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

		<p>4.3 Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді</u>;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді және бір-бірімен өзара байланысты.</p> <p><i>Зерттеу мақсаты</i> колледже математиканы оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды колданудың дидактикалық шарттарын анықтау және оларды жүзеге асыруды практикалық тұрғыда негіздеу.</p> <p><i>Зерттеу міндеттері</i>:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- математиканы оқыту үдерісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды колданудың психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындау;</li> <li>- білім берудегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың жіктемесін жасау және АКТ құралдарын тандауға қойылатын талаптарды анықтау;</li> <li>- ақпараттық және коммуникациялық технологияларды колледже қолдануға математика оқытушыларының даярлық деңгейін айқындау;</li> <li>- колледже математиканы оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды колданудың дидактикалық шарттарын анықтау, оларды жүзеге асыруды практикалық тұрғыда негіздеу және оның тиімділігін эксперименттік түрде тексеру.</li> </ul>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыда толық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертацияның бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыда толық байланысқан. Диссертациялық зерттеу ғылыми жұмыстың біртұтас жүйесін құрайды. Өзара байланысқан, ішкі бірлікке ие және дәйекті зерттеу көздерін қолдану, өз нәтижелерін толыққанды талдау диссертацияның толымдылығын аша түседі.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен</p>	<p>Зерттеу жұмысында сынни талдау бар. Диссертациялық зерттеу жұмысында докторант, галымдардың еңбектеріндегі бұрын белгілі болған мәселелерді заманауи сұраныска сай</p>

		<p>салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</li> </ol>	<p>салыстыра сыни талдау негізінде ол диссертациялық зерттеудің мазмұнын көрсететін өз шешімдерін ұсынған және дәлелдеген.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелер толығымен жаңа болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бірінші нәтиже жаңа, себебі математиканы оқыту үдерісінде ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың колданудың психологиялық-педагогикалық негіздері айқындалған;</li> <li>- екінші нәтиже жаңа, себебі білім берудегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың колледже колдануға математика оқытушыларының даярлық деңгейі айқындалған;</li> <li>- төртінші нәтиже жаңа, себебі колледже математиканы оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың колданудың дидактикалық шарттары анықталып, оларды жүзеге асыру практикалық түргыда негізделген және оның тиімділігі эксперименттік түрде тексерілген.</li> </ul>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа;</u></li> <li>2) жартылай (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</li> </ol>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Докторант колледже математиканы оқытуда АҚТ-ны колданудың дидактикалық шарттарын теориялық, практикалық негіздеуде нормативті күжаттар, ғылыми еңбектерге жанжакты талдау жасаган, жеке ойын</p>

			корытындылап, тұжырымдай білген. Зерттеудің тұжырымдары мен ұсыныстарын колledgeндін математика пәні оқытушыларды қолдана алады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген ба? 1) толығымен жана; 2) жартылай (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және <u>негізделген</u> болып табылады, бұл жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижесінен, колledge математика пәні оқытушыларына арналған «Математика оқытушыларының АКТ құзыреттіліктерін жетілдіру» оқытушылардың АКТ құзыреттіліктерін жетілдіру курсы нәтижесі негізінде расталады.
6	Негізгі (корытындылардың) тұжырымдардың негізділігі	Барлық корытындылар гылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмен</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеушінің барлық негізгі корытындылары гылыми тұрғыдан сенімді, ауқымды дәлелдерге <u>негізделген</u> . Диссертацияның негізгі нәтижелері 11 гылыми-енбекте жарияланған: соның ішінде, Scopus базасындағы басылымдарда жарияланған гылыми енбектер – 1; Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрлігінің Білім және гылым саласындағы сапаны қамтамасыз сту комитетінің ұсынған басылымдарында жарияланған гылыми енбектер – 4; Халықаралық гылыми-практикалық конференцияларда жарияланған гылыми енбектер - 3; Шетелдік рецензияланатын журналдарда жарияланған гылыми енбектер - 1; КР БФМ Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған оқу құралы - 1; Талдықорған жоғары политехникалық колledgeндін «Кәсіптік оқыту» бейіні бойынша республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің ұсынған оқу құралы - 1.
7	Корғауға шыгарылған негізгі қагидаттар	Әр қагидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет: 7.1 Қагидат дәлелденді ме?	7.1 Корғауға ұсынылған барлық қагидаттар дәлелденген. 7.2 Қагидаттар трибиалды емес, өйткені олар корғауға алғаш рет ұсынылып отыр.

		<p>1) <u>дәлелденді</u>;      2) шамамен дәлелденді;      3) шамамен дәлелденбеді;      4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>иә</u>      2) жок      7.3 Жана ма?</p> <p>1) <u>иә</u>      2) жок      7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар      2) орташа      3) <u>кен</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>      2) жок.</p>	<p>7.3 Иә, бұл қагидаттар жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі <u>кен</u>, зерттеу жұмысындағы қагидаттарды ТЖКББ үйымдары және ЖОО оқытушылары, орта мектеп мұғалімдері қолдана алады.</p> <p>7.5 Иә, <u>мақалада дәлелденген</u>. Автордың жеке катысусы диссертацияда баяндалған және халықаралық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік жинақтар мен журналдарда ғылыми мақалалары жарияланған.</p>
8	Дәйектілік принципі дереккөздер үсінілған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдауы – негізделген немесе әдіснама накты жазылған</p> <p>1) <u>иә</u>      2) жок.</p>	<p>Иә, әдіснама накты жазылған. Дереккөздер мен үсінілған ақпараттың дәйектілігі сакталған. Әдіснаманы таңдау негізделген және егжей-төгжейлі сипатталған. Зерттеу бағдарламасының максаты мен міндеттеріне сәйкестігімен және зерттеудің теориялық және әдістерінің, эксперименттік мәліметтерді статистикалық өндөу әдістерінің онтайлы үйлесімімен дәйектелген</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің казіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иә</u>      2) жок.</p>	<p>Иә. Диссертацияның нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы заманауи зерттеу әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Теориялық зерттеудің жалпы ғылыми әдістері, әлеуметтік зерттеу әдістері, әмпирикалық зерттеу әдістері қолданылып, нәтижелер өндөлген. Алынған зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану кесте, диаграмма, сызба түрінде үсінілған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар,</p>	<p>Иә, теориялық қорытындылар, жасалған модель, анықталған өзара</p>

		<p>модельдер, аныкталған өзара байланыстар мен занұлдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) иә; 2) жок.</p>	<p>байланыстар мен занұлдылықтар педагогикалық эксперименттік зерттеумен дәлелденген және расталған. Айқындау, іздеу және калыптастыруши эксперименттік жұмыстар жүргізілген. Алынған нәтижелер теориялық тұрғыда негізделіп практикалық тұрғыда дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <i>расталған</i>.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <i>жеткілікті</i>. Диссертациялық жұмыста 147 отандық және шетелдік дереккөздерге сілтемелер берілген. Осы еңбектерді зерделей келе, зерттеу тақырыбы бойынша әдеби шолуға толық жеткілікті деп санаймын.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) иә; 2) жок.</p>	<p><i>Иә</i>, диссертацияның <i>теориялық маңызы бар</i>, ол математиканы оқыту үдерісінде акпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындаудан; білім берудегі акпараттық және коммуникациялық технологиялардың жіктемесі жасаудан, АКТ құралдарын тандауға койылатын педагогикалық, эргономикалық және техникалық талаптарды анықтаудан тұрады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді</p>	<p><i>Иә</i>, диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикалық қолдану мүмкіндігі жоғары болып табылады. Зерттеу жұмысында ұсынылып</p>

			студенттерінің алатындығында. пайдалана
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады).	Практикалық ұсыныстар <i>толығымен жсаңа</i> болып табылады. Зерттеу жұмысында ұсынылып отырған дидактикалық шарттарды және білім беру сайтын математиканы оқытуда, студенттердің танымдық белсенділігін күшету, білім сапасын арттыру мақсатында колледждің математика оқытушылары және студентте пайдалана алады.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жогары; 2) орташа; 3) орташа төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу стилі және рәсімдеу сапасы жогары. Диссертациялық жұмыс оған қойылған талаптарға сәйкес.

Ш.Б.Нұргожаевтың диссертациялық зерттеуі оң бағаланғанына қарамастан, кейбір ескертулерді атап өткен жөн:

1. Диссертациялық жұмысты рәсімдеуде техникалық қателіктер кездеседі.
2. Диссертациялық жұмыстың қолданыс ауқымын кеңейту үшін, «Математика оқытушыларының АҚТ құзыреттіліктерін жетілдіру» атты курсын мектеп мұғалімдері пайдалана алатындей, әдістемелік нұсқаулар дайындалып ұсынылса, жұмыстың құндылығы арта түсер еді.

Анықталған ескертулер диссертацияның жоғары ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмөндөтпейді.

Шыңғыс Болатұлы Нұргожаевтың «Колледжде математиканы оқытуда акпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданудың дидактикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі өзекті, дербес және аяқталған болып табылады, 6D010900-«Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы талап етілетін дәрежені беруге лайық.

**Ресми рецензент:**

педагогика ғылымдарының кандидаты,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық

Университеті Информатика және қолданбалы

математика кафедрасының бағдарлама

көшбасшысы м.а.

